«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ
АГЕНТТІГІНІҢ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ
КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

080000, Жамбыл облысы,
Тараз қаласы, Желтоқсан көшесі, 78
тел. 8(7262)435471

080000, Жамбылская область,
город Тараз, улица Желтоксан,78
тел. 8(7262)435471

27.03.2025 № 02-06/217

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары
бөлімінің басшысы
Ж. Каликовқа

Сіздің 2025 жылғы 3 наурыздағы № 375 өтінішхатыңызға:

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті (*бұдан әрі – Департамент*) «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу. Мұндай сатып алуға монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде жол беріледі.

Осыған орай, Жамбыл облысы Шу ауданының шекарасында ЭҚЖЖ-62011 «Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет» түрін атқаратын нарықта жеке кәсіпкерлік субъектілердің жоқтығына байланысты Департамент **бір жылға** *(2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін)* қорытындысын ұсынады.

Басшы **Ж. Азимов**

орынд.: Б. Әділбек
тел.: 8 /7262/ 434467
эл.пошта: ba.adilbek@azrk.gov.kz

Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы

2025 жыл 26 наурыз **Тараз қаласы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес (*бұдан әрі – Заң*), шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу. Мұндай сатып алуға монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы қорытындысы болған кезде жол беріледі.

1. Бір көзден сатып алуды жүзеге асыру мақсаты:

Жамбыл облысы, Шу ауданы бойынша ЭҚЖЖ-62011 «Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет»: қызметтердің мақсаттары:

- жол қозғалысы қауіпсіздігінің деңгейін арттыру;
- қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу және ашу жөніндегі деректерді іздеу және талдау үшін технологиялық құралдарды пайдалана отырып, нақты уақыт режимінде мониторинг шараларын арттыру;
- коммуналдық меншіктің сақталуын және қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін инфрақұрылым құру;
- қылмыстық оқиғалар үшін елеулі әлеуеті бар аудандарда немесе қылмыс деңгейі жоғары аудандарда қарсы іс-қимыл шараларын жасауға негізделген профилактика;
- өңірлік, қалалық және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарында Қазақстан Республикасының Жол жүрісі қағидаларын бұзу себебінен туындайтын жол апаттарын төмендету;
- аумақта жол қозғалысы қауіпсіздігі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарды автоматты түрде тіркеу жүйесінің техникалық инфрақұрылымын дамыту;
- қала аумағында бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде жедел жағдайды бақылауды жүзеге асыру;
- жол қозғалысы саласында жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жазаның сөзсіздігіне жағдай жасау.

2. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарланатын тауар нарығының шекаралары:

Жамбыл облысы Шу ауданы бойынша.

3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алудың жоспарланған көлемі және қызметтің түрі:

Жамбыл облысы Шу ауданында интеллектуалды фото-бейнежазба және бейне талдау жүйесін енгізу.

- 12 - желілік учаскеде фотобейнетіркеу және бейнеталдау «Sergek» аппараттық-бағдарламалық кешені;

- 5 - Көше қиылысындағы фотобейнетіркеу және бейнеталдау «Sergek» аппараттық-бағдарламалық кешені;

- 20 - «Sergek» айналмалы жалпы бейнебақылау камерасы;

- Жол полициясы қызметкерлерінің планшеттеріне арнайы «Sergek Qorgau» бағдарламалық қамтамасыз етуді орната отырып, Жол ережесін бұзушыларды анықтаудың автоматтандырылған ақпараттық кіші жүйесі;

- Деректерді өңдеуге және талдауға арналған контейнерлік типтегі шағын Жедел басқару орталығы, бағдарламалық жасақтама қоса алғанда, сервер; деректерді сақтау жүйесі; коммутациялық жабдық; маршрутизаторлар; басып бұзу алдын-алу жүйесі (IPS).

4. Әлеуетті өнім берушіден сатып алынатын тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді көрсету кезеңі: 2025 жылдың соңына дейін ***(бір жылға).***

5. Ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы қорытынды:

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 16-бабы бойынша авторға немесе басқа да құқық иеленушілерге осы туындыны кез келген түрде және кез келген әдіспен пайдалану жөнінде мүліктік (ерекше) құқықтар тиесілі. Құқық иеленушінің туындыны пайдалану жөніндегі ерекше құқықтары туындыны (бағдарламалық қамтамасыз етуді) пайдалану, өңдеу, қайта жасау, аранжировка жасау және заңнамалық актілерге қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жүзеге асыруды немесе рұқсат беруді білдіреді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 125-бабы 2-тармағына сәйкес, интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижелерін және дараландыру құралдарын пайдалануды үшінші тұлғалар тек құқық иеленушінің келісімімен жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайлардан басқа.

Азаматтық кодекстің 965-бабына сәйкес, интеллектуалдық меншік объектілеріне ерекше құқықтарды олардың иелері толық немесе жартылай басқа тұлғаға келісімшарт негізінде бере алады.

Осылайша, үшінші тұлғалар интеллектуалдық меншік объектісімен байланысты әрекеттерді құқық иеленушінің рұқсатынсыз жүзеге асыра алмайды. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 39-бабының 3-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен интеллектуалдық меншік объектілерін сатып алу кезінде, тауарлар мен қызметтерді сатып алу тек осы тауарлар мен қызметтерге қатысты ерекше құқықтары бар тұлғадан жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 41-бабының 1-тармағында мемлекеттік сатып алулар тек ерекше жағдайларда бір көзден тікелей шарт жасасу жолымен жүзеге асырылатыны көзделген, мұндай тауарлар мен қызметтерді басқа тәсілдермен сатып алу мүмкін болмаған жағдайда. Дегенмен, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 964-бабы бойынша интеллектуалдық шығармашылық қызметтің нәтижесі немесе дараландыру құралының ерекше құқық иесі осы объектіні өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалану құқығына ие.

Интеллектуалдық меншік объектісін пайдалану құқық иеленушінің келісімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда ғана жүзеге асырылады.

Интеллектуалдық меншік объектісіне ерекше құқық иесі оны басқа тұлғаға толық немесе жартылай беру құқығына ие және осы объектіні пайдалану үшін рұқсат беру және басқа да әрекеттер жасау құқығын жүзеге асыра алады, егер ол Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе.

Азаматтық кодекстің 966-бабында лицензиялық келісімнің лицензия иесіне мынадай құқықтар беруі мүмкін екендігі көрсетілген:

- интеллектуалдық меншік объектісін пайдалану құқығы, лицензия берушіге осы объектіні пайдалану және басқа тұлғаларға лицензия беру құқығын сақтап қалу (қарапайым, айрықша емес лицензия);
- интеллектуалдық меншік объектісін пайдалану құқығы, лицензия берушіге осы объектіні пайдалану және басқа тұлғаларға лицензия беру құқығын сақтап қалмай беру (айрықша лицензия);

Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңының 31-бабына сәйкес автордың мүліктік құқықтары толық немесе жартылай тапсырылуы мүмкін, сондай-ақ олар авторлық құқықты пайдалану жөніндегі келісім арқылы тапсырылуы мүмкін.

Айрықша құқықтарды беру туралы авторлық келісім тек құқықты алған тұлғаға осы туындыны белгілі бір тәсілмен пайдалану құқығын береді және басқа тұлғаларға бұл туындыны пайдалануға тыйым салуға мүмкіндік береді. Бұл құқық автордың өзі жүзеге асыра алады, егер ол құқықты алған тұлға осы құқықты қорғауды жүзеге асырмаса.

Интеллектуалдық қызметтің объектісіне айрықша құқық тек бір тұлғаға ғана тиесілі бола алады және ол бірнеше тұлғаға бір уақытта тиесілі бола алмайды.

Мемлекеттік сатып алулар конкурстық тәсілмен немесе баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жүзеге асырылғанда кем дегенде екі қатысушының болуы қажет.

Осылайша, интеллектуалдық меншік объектілері болып табылатын тауарлар мен қызметтерді басқа тәсілдермен сатып алу мүмкін емес.

Осыдан, интеллектуалдық меншік объектісінің техникалық қолдау және қызмет көрсету қызметтері тек ерекше құқықтары бар тұлғадан бір көзден, тікелей келісімшарт жасау арқылы сатып алынуы қажет.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы сайтының мәліметіне сәйкес, Жамбыл облысы, Шу ауданы бойынша ЭҚЖЖ-62011 «Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет» түрі бойынша «Orion Pro» ЖШС және «Чеботарев» ЖК анықталды, Департаментпен тиісті сұрау хат жолдау арқылы нақтылау барысында аталған нарық субъектілер ЭҚЖЖ-62011 «Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет» түрін атқармайтындығын хабарлады. Бұл қызмет түрі бойынша басқа жеке кәсіпкерлік субъектілер Жамбыл облысы Шу ауданының шекерасында жоқ.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің бағдарламалық қамтамасыз етуді/ электрондық өнеркәсіп өнімдерін сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдері тізіліміне енгізу туралы хабарламасына сәйкес

(18.10.2023 жылғы № KZ92VRL00015430, 30.03.2023 жылғы № KZ31VRL00001008), «Көркем Телеком» ЖШС «Sergek VMS» бағдарламалық қамтамасыз ету және «Сергек-Ядро» модулі бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету сенімді бағдарламалық қамтамасыз ету және электрондық өнеркәсіп өнімдерінің тізілімінде тіркелген.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде, өзге де жеке кәсіпкерлік субъектілердің жоқтығына байланысты, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу, сатып алынатын тауарларға, көрсетілетін қызметтерге қатысты айрықша құқықтарға ие тұлғадан зияткерлік меншік объектілері болып табылатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша Жамбыл облысы Шу ауданының шекарасында ЭҚЖЖ-62011 «Бағдарламалық кодты әзірлеу және тестілеу саласындағы қызмет» түрі бойынша **1 жылға** *(2025 жыл)* **бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруды орынды деп санаймыз.**

Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде осы қорытындыны кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдыратынын қосымша атап өтеміз.

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және дамыту
Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша
департаментінің басшысы **Ж. Азимов**

орынд.: Б. Әділбек
тел.: 8 /7262/ 434467
эл.пошта: ba.adilbek@azrk.gov.kz